

Психикалық-жүйке ауруларының интернаты туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек пен халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 13 тамыздағы N 134-П БҰЙРЫҒЫ. ҚР Әділет министрлігінде 1997 жылғы 6 қазанда тіркелді. Тіркеу N 382. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 272-ө бұйрығымен

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 272-ө бұйрығымен (2005 жылғы 13 желтоқсандағы "Заң газетінде" N 168(792) жарияланған) .

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің "Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір күші жойылған бұйрықтарының тізімі

...

5. "Психикалық жүйке ауруларының интернаты туралы ереже" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 134-ө бұйрығы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіндегі 1997 жылғы 6 қазандағы N 382 тіркелу нөмірі...

I. Жалпы ережесі

1. Психикалық-жүйке ауруларының интернаты созылмалы психикалық аурулармен азап шегетін, күтуді, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуді қажет ететін мүгедектердің тұрақты тұруына арналған медициналық-әлеуметтік мекеме болып табылады.

2. Психикалық-жүйке ауруларының интернаты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімі бойынша Астана, облыстар мен Алматы қаласының әкімдерінің шешімдерімен құрылады, қайта

құрылады және таратылады.

3. Интернат үйінің атына Астана, облыстар және Алматы қаласының әкімдері береді.

4. Психикалық-жүйке ауруларының интернат үйі өз қызметін, бағыныштылығы бойынша, жоғары тұрған органның басқаруымен жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Астаналық, облыстық және Алматы қаласының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы психикалық-жүйке аурулары интернатының қызметін үйлестіруді, бақылауды, практикалық көмек көрсетуді жүзеге асырады.

6. Астаналық, облыстық және Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары психикалық-жүйке ауруларының интернатына орналастыруды және осы мекемеге жіберуді, оның ішінде әлеуметтік көмек көрсету бөлімдері арқылы үйде көмек көрсету үшін қажетті құжаттарды ресімдеуді мұқтаж ететін азаматтарды табуды ұйымдастырады.

7. Психикалық-жүйке ауруларының интернаты жергілікті бюджет есебінен қамтамасыз етіледі, жылдық шығыс сметасы бар, заңды тұлға болып табылады, өзінің қазақ және орыс тілдеріндегі атымен мөрі және мөртабаны, сол сияқты белгіленген тәртіпте бекітілген штаттық кестесі бар. Интернат үйінің бюджеттік қаражатынан басқа интернат үйінің "Ақылы қызмет көрсетулерден түсетін қаражат" деген ағымдағы шотына аударылатын және мақсаты орнымен материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, тамаққа, медициналық көмек көрсетуге, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекпен оңалтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға, мәдени-бұқаралық жұмыстар жүргізуге, еңбекпен емдеу шеберханаларын, қосалқы шаруашылықты дамытуға, еңбек процестеріне белсенді қатысушы қамқорлықтағыларды мадақтауға, қосалқы шаруашылық, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге жұмсалатын, жарғылық мақсаттарға сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен қосалқы шаруашылық, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметінен, ақылы қызмет көрсетулерден алынатын қаражаттары да болуы мүмкін.

Мемлекет қамқорындағы негізгі контингентке зиян келтірмей, тұрмыстық және медициналық қызметке мұқтаж мүгедектердің интернат үйіне орналасуына кезегі жоқ болса, олардың уақытша және тұрақты тұруына болатын психикалық-жүйке аурулары интернатының жанында ақылы бөлімдерді ұйымдастыруға рұқсат етіледі. <*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О V 0 0 1 0 8 6 _ бұйрығымен.

8. Психикалық-жүйке ауруларының интернаты санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы талаптар мен техника қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін, арнап салынған немесе қажетті үйлері бар бейімделген ғимараттарға орналастырылады.

9. Психикалық-жүйке ауруларының интернаты еркектер мен әйелдерге (еркектер мен әйелдер үшін жеке-жеке интернаттар ұйымдастырудың мүмкіндігі жоқ болған жағдайда әйелдер мен еркектерді бір интернатта, бірақ жеке корпустарда, ұстауға рұқсат беріледі) сол сияқты жасын есептей отырып (18-40 жас және 40 жастан жоғары) жеке ұйымдастырылады.

Күтім мен медициналық қызметті ұйымдастыруды, әлеуметтік-еңбек реабилитациясы жөніндегі шараларды жүзеге асыруды жақсарту мақсатында интернатта тұратын адамдар күту тәртібіне (төсектегі, бақылау, еркін) денсаулық жағдайына, жасына сәйкес бөлімдер мен бөлмелерге орналастырылады.

10. Еңбекпен емдеу терапиясын жүргізу үшін интернатта емдеу-өндірістік (еңбек) шеберханалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бекітілген өз қызметтерін белгіленген Ережеге сәйкес жүзеге асыратын қосалқы ауыл шаруашылығы құрылады.

11. Интернатта тұратын адамдарға медициналық қызметтің сапасын бақылауды, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимдерді сақтауды және арнаулы медициналық көмек көрсетуді белгіленген тәртіппен денсаулық сақтау органдары жүзеге асырады.

12. Психикалық-жүйке ауруларының интернаты өз қызметтерінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңы мен нормативті құқықты актілерін, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, астаналық, облыстық және Алматы қаласының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының бұйрықтарын, алқалар қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Интернаттың міндеттері мен қызметтері

13. Интернаттың негізгі міндеттері:

- мүгедектерді материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, олар үшін үйдің өміріне жақын, қолайлы жағдайларды құру;
- тұратындарды күтуді ұйымдастыру, оларға медициналық көмек көрсету және мәдени-көпшілік жұмыстарын жүргізу;
- мүгедектердің әлеуметтік-тұрмыстық және еңбек реабилитациясына бағытталған шараларды жүзеге асыру болып табылады.

14. Негізгі міндеттеріне сәйкес интернат:

- медициналық ұсыныстарға байланысты олардың әлеуметтік-еңбекке бейімделуі жөніндегі емдеу шараларының кешендерін;
- бекітілген нормаларға сәйкес, мүгедектерге жиһазбен және дүние-мүлікпен,

төсек-орынмен жабдықталған үй маусымға байланысты киім және аяқ киім беруді, тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды;

- тиімді тамақтандыруды ұйымдастыруды;
- ұстау режиміне сәйкес психикалық ауруларды күтуді (бақылауды);
- санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды жүргізуді;
 - мұқтаж ауруларды есту аппараттарымен, көзілдіріктермен, протезді-ортопедиялық бұйымдармен және басқа да емдеу құралдарымен (кресло-арбалар, балдақтар, таяқтар және т.б.) қамтамасыз етуді;
 - тұрғындарды емдеу мекемесіне орналастыруды және қолдау емін, мамандардың кеңестік көмегін көрсетуді, мұқтаж ауруларды емдеу-профилактикалық мекемелерге орналастыруды;
 - жергілікті атқарушы органдарды қатыстыра отырып, мүгедектермен мәдени-көпшілік жұмыстарын ұйымдастыруды;
 - психикалық ауруларға қызмет көрсетудің сапасын, күту және ұстау, қызмет көрсету әдістері мен алдыңғы қатарлы жұмыс түрлерінің тәжірибесін енгізуді;
 - персоналдың еңбегін және олардың біліктілігін көтеруді, шағын механизация құралдарын енгізуді ұйымдастырып жетілдіруді жүзеге асырады.

15. Психикалық-жүйке аурулары интернатының финанстық-шаруашылық қызметі бекітілген шығыс сметасына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы мақсатта психикалық-жүйке аурулары интернатының әкімшілігі:

- интернатты материалдармен, жабдықтармен, құрал-саймандармен, жылумен, тамақпен, маусымға байланысты киімдермен, аяқ киімдермен, іш киімдермен және т.б. қамтамасыз етуді;
- интернатты ұстауға бөлінген мемлекеттік қаржыларды тиімді және ұтымды жұмсауды және тауарлық-материалдық құндылықты сақтауды;
- еңбекті қорғау нормалары мен тәртібін, техникалық қауіпсіздікті, өртке қарсы қауіпсіздікті сақтауды;
- коммуникацияларды, үйлерді қайта жаңғыртуды, сондай-ақ осы заманғы күрделі және ағымдағы жөндеуді;
- негізгі қорларды тиімді пайдалану және барлық қосалқы қызметтердің тоқтаусыз жұмыс істеуін;
- аумақты көріктендіруді және көгалдандыруды;
- Нұсқамаға сәйкес Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі саласындағы ұйымдар мен мекемелердің жарамсыз болып қалған мүліктерін төсек-орындарын, киімдерін және аяқ киімдерін есептен шығаруды;
- бухгалтерлік және статистикалық есепті жүргізуді, бекітілген форма бойынша есеп-қисап жасауды және оны белгіленген мерзімде тиісті органдарға ұсынуды ұйымдастырады.

16. Интернаттың әкімшілігі заңда белгіленген тәртіппен психикалық-жүйке аурулары интернатында тұратын және қамқорлықты қажет ететін адамдар турасында қамқоршы міндетін атқарады.

Астаналық, облыстық және Алматы қаласының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларында интернат үйлеріндегі қамқоршылық қызметтерді қамтамасыз етуді, күтудің сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін қоғамдық, кәсіподақтар мен діни ұйымдардан қамқоршылық Кеңестері (5 адамнан кем емес) құрылады.

III. Интернатқа қабылдау, ұстау және шығару шарттары

17. Психикалық-жүйке ауруларының интернатына Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен келісілген және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекіткен "Интернат үйлеріне қабылдаудағы медициналық көрсеткіштер мен қайшы көрсеткіштер туралы" Нұсқамаға сәйкес денсаулығы бойынша тұрмыстық қызмет көрсету мен медициналық көмекке мұқтаж, туыстарының барлығына қарамастан, заң бойынша оларды ұстауға міндетті, психикалық созылмалы аурулармен азап шегетін адамдар қабылданады.

18. Психикалық-жүйке ауруларының интернатына Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, облыстық және Астана, Алматы қалаларының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының жолдамалары бойынша 18 жастан асқан I-II топтағы мүгедектер қабылданады. Ұлы Отан соғысының қатысушылары, мүгедектері және соларға жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар, психикалық-жүйке ауруларының интернатына бірінші кезектегі тәртіппен қабылданады. <*>

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О V001086_ б ұ й р ы ғ ы м е н .

19. Психикалық-жүйке ауруларының интернатына қабылдау:

- психикалық-жүйке ауруларының интернатына қабылдау туралы аурулардың ата-аналарының, қамқоршыларының арызы немесе емдеу мекемесінің өтініші (N 1 қ о с ы м ш а) ;

- емдеу-алдын алу мекемесінің дайындаған медициналық картасы (психикалық-денсаулық орталығы, психиатриалық аурухана), аурудың тарихынан көшірме және ДКК-ның қорытындысы, медициналық картасы (N 2 қосымша);

- қай топтағы мүгедектігі туралы МӘСК-тің анықтамасы негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Интернатқа, белгіленген тәртіпте, жұмысқа қабілетсіз деп танылған адам, емдеу-алдын алу мекемесінің өтініші бойынша қабылданады.

20. Психикалық-жүйке аурулары интернатына қабылданушының әр

қ а й с ы с ы н а :

- ішінде жолдамасы, зейнетақы куәлігі, арызы (N 1 қосымша), МӘСК-тің анықтамасы, төлқұжаты сақталатын жеке іс қағазы;

- аурудың тарихына қосып тіркейтін ДКК-ның анықтамасы, ауру тарихының көшірмесі, маман-дәрігерлердің қорытындысы бар медициналық картасы (N 1 қ о с ы м ш а) а р н а л а д ы .

Психикалық-жүйке аурулары интернатындағы аурулардың жеке-іс құжаттары кеңседе немесе кадрлар бөлімінде жанбайтын арнаулы шкафта сақталады.

Аурудың тарихы, барлық қосымша медициналық құжаттармен, дәрігердің б ө л м е с і н д е с а қ т а л а д ы .

21. Психикалық-жүйке аурулары интернатында тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге зейнетақы, жәрдемақы қолданыстағы заңға сәйкес төленеді.

Қамтамасыз етілушілер денсаулық жағдайына байланысты өздеріне тиесілі зейнетақыны немесе жәрдемақыны ала алмайтын немесе қамқоршысы болмаған жағдайда интернат үйінің әкімшілігі бұл туралы тиісті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органына хабарлайды және солармен бірлесіп интернатта тұратын адамды іс-әрекетке қабілетсіз деп тану және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мүлкіне қамқоршы тағайындау туралы шаралар қ о л д а н а д ы . < * >

Ескерту. 21-тармаққа өзгертілді, толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О V001086_ б ұ й р ы ғ ы м е н .

22. Психикалық-жүйке аурулары интернатында тұратындарға Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген азаматтар құқығының бәрі к е п і л д е н е д і .

23. Жинақ банкісіне салынбаған мүгедектердің құнды қағаздары, қымбат заттары, теңгелері, белгіленген заң тәртібі бойынша, мұрагерлікке құқылы екендігі туралы анықтамасы бар адам талап еткенше, әкімшілік белгілеген т ә р т і п п е н қ а б ы л д а н а д ы .

24. МӘСК-тың ұсынысына, интернат үйі дәрігерінің қорытындысына сәйкес, психикалық-жүйке аурулары интернатында тұрушылар еңбекпен емдеу шеберханалары мен қосалқы шаруашылықтардың жұмыстарына қатысады.

Шеберханалар мен қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істегені үшін мүгедектерге еңбек заңдарына сәйкес жалақы төленеді. <*>

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21 - О V 0 0 1 0 8 6 _ б ұ й р ы ғ ы м е н .

25. Психикалық-жүйке аурулары интернатынан жалпы типтегі интернат үйіне ауыстыру, тек психикалық-денсаулық орталығының дәрігерлер-кеңесі

комиссиясының (ДКК) немесе психиатриалық аурухананың қорытындысы, сондай-ақ жоғары тұрған органның өкімі (жолдамасы) арқылы болады.

26. Психикалық-жүйке аурулары интернатынан мүгедектің жеке себептермен кетуіне интернат дәрігерінің кетуге мүмкіндігі бар деген қорытындысы болғанда және оны қабылдайтын туысқандарының немесе олардың орнындағылардың мүгедекті ұстауға және қажетті күтіммен қамтамасыз етуге келісетін жазбаша міндеттемесі болғанда ғана, интернат тағайындаған зейнетақының 100% төленіп, өкімшілік жазбаша түрде үш айдан аспайтын мерзімге рұқсат береді.

27. Психикалық-жүйке аурулары интернатынан шығуға жоғары тұрған (бағыныштылығы бойынша) орган: тұратын жері, күн көріс қаражаты, өзіне-өзі қызмет ете алатын мүмкіндігі болса, сондай-ақ МӘСК-тің қайта куәландыруымен үшінші топтағы мүгедектігі берілген жағдайда ғана рұқсат б е р е д і .

28. Мүгедекке психикалық-жүйке аурулары интернатынан кетерде оған бекітілген маусымға сәйкес, киімі, іш киімі және аяқ киімі, интернатта болған уақыты мен кету себептері көрсетілген анықтамасы, сондай-ақ мекемеде сақталған оның жеке заттары беріледі.

29. Психикалық-жүйке аурулары интернатынан өз бетімен кеткен мүгедекті іздеу туралы арызды жергілікті ішкі істер басқармасына интернаттың директоры береді. Өз бетімен кеткен мүгедек үш айдан кейін мемлекеттік қамтамасыз етілуден шығарылады және қайта орналастырылуы жалпы негізде болуы мүмкін.

30. Мүгедектің туыстарына немесе жақындарына баруына байланысты шығындарды интернат төлемейді.

IV. Психикалық-жүйке аурулары интернатын басқару

31. Психикалық-жүйке аурулары интернатын директор басқарады, оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімі бойынша астаналық, облыстық және Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы тағайындайды және босатады.

32. Директор интернат үйінің барлық жұмысын ұйымдастырады және оның санитарлық-гигиенасына, техникасының жай-күйіне, мүгедектерді ұстау және дәрігерлік-әлеуметтік қызмет көрсету сапасына жауап береді.

33. Интернаттың директоры интернатты барлық мекемелер мен ұйымдарға таныстырады, белгіленген заң тәртібімен интернат үйінің қаржылары мен мүліктерін басқарады, шарт жасасады, сенімхат береді, соның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен, банкте интернат шотын ашады.

34. Еңбек заңына сәйкес директор интернат бойынша бұйрықтар шығарады, жұмыскерлерді жұмысқа қабылдайды және босатады, интернат жұмыскерлерін көтермелейді және тәртіптік жаза шараларын қолданады.

Интернат басшыларына (директорға, оның орынбасарына, бас бухгалтеріне) сыйлық ақыны жоғары тұрған халықты әлеуметтік қорғау органдары береді.

35. Интернаттың директоры жұмысына өте жақсы көрсеткіштерге жеткен, тұрғындарға жоғары мәдениетті қызмет көрсеткен жұмыскерлерге, белгіленген тәртіпте, сыйлық ақы береді.

36. Интернат әкімшілігі белгіленген тәртіпте:
- Үлгі ережесіне сәйкес мүгедектер үшін ішкі тәртіп Ережесін белгілейді;
- қажетті жиһазбен және керек-жарақтарымен мүгедекке орын (бөлмедегі орын) бөледі;

- интернаттың мәдени-тұрмыстық комиссиясының, қоғамдық ұйымдардың, демеушілердің қатысуымен интернатта тұратындарға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастырады.

Психикалық-жүйке аурулары интернатының жұмысын және қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру белгіленген тәртіппен, бірақ бір жылда бір ретте кем емес уақытта жүргізіледі.

№ 1 қосымша

Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерімен рәсімделеді

халықты әлеуметтік қорғау бөлімі

арудың қамқоршысынан, туысқанынан, медициналық мекеменің

әкімшілігінен

Төлқұжат Сериясы _____ № _____ берілді

Туған жері _____ Күні, айы, жылы _____

Білімі _____

Мамандығы _____

Зейнетақы түрі және мөлшері _____

Қай топтағы мүгедектігі _____

Қайта куәландыру мерзімі _____

Тұрғын үй жағдайы _____

Пәтері, үйі _____

Ет жақын туыстары бар ма _____

Олардың мекен-жайы, жасы, жалақысы _____

Отбасының жағдайы _____

А Р Ы З

Денсаулығына байланысты психикалық-жүйке аурулары интернатына

_____ фамилиясы, аты, әкесінің аты
қабылдауыңызды сұраймын, себебі ол күнделікті күтімге, медициналық және тұрмыстық қызмет көрсетуге мұқтаж.

Қабылдау, ұстау және интернат үйінен шығару шарттарымен
т а н ы с т ы м .

Күні _____ Қолы _____
Төлқұжаты мен зейнетақы куәлігінің мәліметтері тексерілді.

_____ бет құжаттармен арызы қабылданды және 199__ж. " __ " _____
N _____ тіркелді

Маман _____
Ф. А. Ә., қызметі _____

Қолы

2-қосымша

(емдеу-алдын-алу мекемесі - психикалық аурухананың
психикалық-денсаулық орталығы ресімдейді)
психикалық-жүйке аурулары интернат үйіне орналасушы
қартайған адамның (мүгедектің)

МЕДИЦИНАЛЫҚ КАРТАСЫ

Картаны берген емдеу-алдын-алу мекемесінің аты: _____

_____ ауданы _____ қаласы _____

Фамилиясы, аты, әкесінің аты _____

_____ Туған жылы, айы, күні _____

_____ Денсаулығы _____

_____ өз бетімен жүре алады, төсекте жату режимі

Негізгі және ілеспе диагнозды көрсеткен маман-дәрігердің қорытындысы,
ауырған аурулары туралы мәліметтер, тұрақты емдеуге көрсетулердің бар немесе

ж о қ т ы ғ ы :

Терапевт _____

Фтизиатр _____

Хирург _____

Көз дәрігері _____

Тіс дәрігері _____

Невропатолог _____

Нарколог _____

Онколог _____

Психиатр _____

Психикалық-жүйке ауруларының диспансері ДКК-ның, ал ол жоқ болса - интернат үйінің типі ұсынылған аудандық, облыстық ауруханаларының қорытындысы қартайған адамның, мүгедектің және оның туысқандарының қолына берілмейді, почтамен жіберіледі.

Жұмысқа қабілетсіздігі _____

қабілетті, қабілетсіз

Ұстау режимі _____

жалпы, қатаң қанның және қанның,

зәрдің жалпы анализінің қорытындысы _____

Ішек тобының анализінің қорытындысы _____

(анализдің нөмірі мен уақыты)

Интернат үйіне жолдамаға ұсыныстар _____

тип түрін көрсету

Қарсы көрсеткіштерге байланысты интернат-үйіне орналастыруға жатпайды _____

түрлерін көрсету

М.О. 199__ ж " __ " _____ Бас дәрігер _____